

ӘОЖ 342.97:334.02(574)

С.К.Амандықова, Д.К.Рүстембекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ОРГАНДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ РӨЛІ**

*Целью данного исследования является анализ и изучение процесса становления и развития Ассамблеи народа Казахстана как системного института полиэтнического государства. Показана роль общественно-политической деятельности Ассамблеи в процессе позитивного развития этнополитических тенденций в Республике Казахстан.*

*Objective of this research is the analysis and studying of process of formation and development of Assembly of the people of Kazakhstan as system institute of the polyethnic state. The role of political activity of Assembly in the course of positive development of ethno-political tendencies in Republic Kazakhstan is shown.*

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін жариялау және егемендігін алуы шетел мемлекеттерімен саяси, экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени және басқа да қатынастарды нығайтты. Бұл халықаралық қауымдастықпен қарым-қатынас әдістері мен формаларын жаңарту қажеттілігін тудырды. Дүниежүзілік қауымдастыққа ене отырып, Қазақстан Республикасы өзінің халықаралық құқық субъектілігін дамытатын, әрі іске асыратын оның шынайы мүшесі болуы тиіс болды.

Халықаралық құқықта субъектінің объективті сипаттары төменде көрсетілгендер болып саналады: біріншіден, халықаралық құқықтағы басты субъектілерге тән тәуелсіздік, екіншіден, дербес келісім тәжірибесі, үшіншіден, шет мемлекеттер мен өкілділіктермен дипломатиялық және консулдық айырбас, төртіншіден, тәуелсіз мемлекеттің халықаралық ұйымдар қызметіне қатысуы [1].

Еліміздегі барлық этностардың шынайы келісім мен бірлікте өмір сүруі, ең алдымен қазақ халқының ата дәстүрі және табиғи кеңпейілдігі, ұлттық ділінің кеңдігі арқасында екендігінде дау жоқ. Дегенмен, Қазақстан тәуелсіздік алған кезде ел басшылығы алдында халықтың келісімін сақтап қалу, қоғамның барлық күш-әлеуетін бір мақсатқа жұмылдыру басты назарда ұсталды. Себебі 100-ден астам этнос өкілдерінің басын біріктірмесе, «бас басына би болып», әрқайсысы «көрпені өзіне тарту» басталар еді. Сонымен қатар саяси күштер бұл жағдайды өзіне қарай бұра тарту қауіпі бар-тұғын [2].

1992–1995 жылдар аралығында елдің саясатын реттейтін негізгі құқықтық база қалыптасты. Соның негізінде Қазақстандағы барлық этнос өкілдерінің мүддесін қамтамасыз етуші ұйым құру туралы идеяны алғаш рет 1992 ж. тәуелсіздіктің бір жылдығына арналған Қазақстан халықтарының І-ші форумında Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев бұл форумды тұрақты негізге ауыстыру идеясын ұсынды. Осыған сәйкес ол Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы» Жарлығымен елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 ж. 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған. Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаты — республикадағы оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстарды ойластыру, Қазақстан Республикасы Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу. Ассамблея құрылу

күнінен бастап қоғамдық өмірге белсенділігін көрсетіп, елімізде 1995 жылы өткізілген екі референдумға бастамашылық жасады.

Референдум нәтижесінде қабылданған Конституцияда мемлекетіміздің ұлтаралық келісім принциптері айқындалды. Атап айтқанда, 7-бабында мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды деп бекітеді [3]. Ал басқа баптарында әркімнің өз ана тілі мен тіл мәдениетін пайдалануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуына құқығы берілді. Сол сияқты нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты насихаттауға немесе үгіттеуге және ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына байланысты кемсітуге тыйым салынды. Яғни Ассамблея қызметінің басты ұстанымдары Ата Заңымызда осылай айқындалды.

Ассамблея құрылған күнінен бастап ұлттық мәдениет орталықтарының жұмысын жандандырды, әр ұлттың мәдени фестивалдары, той-жиындары республикалық деңгейде өтуіне себепкер болды. Ассамблея көмегімен ұлттық диаспоралар өздерінің тарихи отандарымен байланыстарын қалпына келтірді. Осының бәрі Ассамблея жұмысының ұйымдастыру шараларымен ғана шектелмей, сессияларында талқыланған мәселелердің шешімін құқықтық рәсімделу тәжірибесін енгізді [4]. Ассамблея өзінің 14 сессиясын өткізіп, онда елдің маңызды қоғамдық-саяси мәселелері қарастырылды:

- Бірінші (1995 жылдың 24 наурызы) — «Біздің жалпы үйдегі тыныштық пен келісім үшін»;
- Екінші (1995 жылдың маусымы) — «Өткенді сезіну және қоғамның алдағы демократиялық реформалануы»;
- Үшінші (1996 жылдың 29 сәуірі) — «Қоғамдық келісім — Қазақстанның демократиялық дамуының негізі»;
- Төртінші (1996 жылдың маусымы) — «Тарихи естелік, ұлттық келісім және демократиялық реформалар — Қазақстан халқының азаматтық таңдауы»;
- Бесінші (1999 жылдың 21 қаңтары) — «Ұлттық келісім — Қазақстанның тұрақтылығының және дамуының негізі»;
- Алтыншы (1999 жылдың 10 желтоқсаны) — «XXI ғасырға достықпен және келісіммен»;
- Жетінші (2000 жылдың 15 желтоқсаны) — «Халық рухының және мәдениетінің дамуы — Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін нығайтудың негізі»;
- Сегізінші (2001 жылдың 24 қазаны) — «Он жыл тәуелсіздік: тыныштық, прогресс және келісім»;
- Тоғызыншы (2002 жылдың қарашасы) — «Қазақстан халқы Ассамблеясының стратегиясы: ұлттық келісім, қауіпсіздік, азаматтық тыныштық»;
- Оныншы (2003 жылдың 23 желтоқсаны) — «Қазақстанның этникааралық келісімінің үлгісі: тәжірибе және болашақ»;
- Он бірінші (2005 жылдың 22 қарашасы) — «Этносаралық қарым-қатынасты реттеу саласындағы мемлекеттік саясат: отандық және шетелдік тәжірибе»;
- Он екінші (2006 жылдың 24 қазаны) — «Қоғамдық келісімді және тұрақтылықты әрі қарай нығайту үшін Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін арттыру»;
- Он үшінші (2007 жылдың 20 тамызы) — «Ассамблеяның аты озған күн»;
- Он төртінші (2008 жылдың 23 қазаны) — «Елдің қуаты — халықтың бірлігінде».

Ассамблея: мәдени-ағартушылық — тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау; тәрбиелік — қазақстандық және ұлттық отан сүйгіштікті қалыптастыру; ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту; Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындау ісімен айналысады.

Өткен жылдар аралығында елдің ұлттық саясаты өзінің демократиялық, бейбіт жасампаздық және прогрессивті бағытымен сипатталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы қазақстандық қоғамның белсенді бөліктерінің бірі бола отырып, оған қажетті энергия мен қозғалыс береді. Ассамблеяның сессияларында туатын азаматтық-қоғамдық бастамашылықтардың саяси жүйеге қол жеткізуі қазақстандық қоғамның өмір сүру шартының бірі болып табылады. Ассамблеяның қолдауымен қоғамда тұрақтылық қамтамасыз етілді және көлемді реформаларға қуатты импульс берілді, ол Қазақстанның алдағы жылдардағы даму логикасын анықтады.

Қазіргі кезде Ассамблея этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда маңызды құралға айналып, елімізде тұрып жатқан барлық этностардың өзара тең құқықты қатынасын қамтамасыз етуші алаң рөлін атқаруда. Он төрт жылдың

ішінде аталған құрылым қоғамдағы тұрақтылықты сақтаушы құралға айналғанын уақыттың өзі дәлелдеді. Ал Ассамблеяның негізгі бағыты барлық этностық топтарды ортақ мақсатқа жұмылдыру болып табылады. Бұл құрылымның өміршеңдігінің ең басты ерекшелігі — ол этностық топтардың қызметін бақылаумен айналысатын қарапайым ұйымға ғана айналып қоймай, еліміздегі барлық ұлт пен ұлыстың мүдделерін бір арнаға тоғыстырушы, барлық азаматтардың этностық, діни ерекшеліктеріне қарамастан, құқығы мен бостандығын сақтаушы толыққанды саяси институтқа айналуында жатыр.

Кеңес Одағының құрамынан шыққан Тәуелсіз Қазақ еліне көптеген беделді сарапшылар ядролық қаруға сүйене отырып, қатал державалық, саясат жүргізеді деп баға беріп, қауіп күткені белгілі. Алайда қоғамда демократиялық құндылықтар орнату және азаматтық қоғам құру бағытында батыл іс-қимылға көшкен Қазақстанның Семей ядролық полигонын жабуы, әлемде төртінші орында деп ресми бағаланған ядролық арсеналынан бастартуы ғаламдық саясаттағы қайталанбас оқиға ретінде мойындалды. Қазақстан өзінің алдына қойған негізгі мақсаты бейбіт өмір, келісімді қоғам, ынтымақтастық пен бірігу екенін дәлелдеді. Қазақстанның ТМД шеңберінде жүргізіп отырған бірігу саясаты мен ЕурАзЭҚ, АӨСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер съездері сияқты тың бағыттары елімізді халықаралық қауымдастықта танымал елге айналдырды және посткеңестік кеңістіктегі экономикалық және саяси тұрғыда ең қарқынды дамушы мемлекет ретінде бағалануына оң ықпалын тигізді.

Алып мемлекет ыдырап, оның аумағынан тәуелсіз елдер пайда болған кезеңде ел басшылығы алдында жүзеге асуы өте қиын маңызды міндеттер — орталықтанған жүйеден шыққан, мешел күйге түскен шаруашылықты аяғынан тұрғызу, бодандық сана-сезімнен, тоталитарлық, жүйенің бойды әбден меңдеген енжарлық, масылдық қамытынан босатып, қоғамға демократиялық тетіктерді енгізу, нарықтық өтпелі кезеңде әлеуметтік ауыр жағдайдың негізінде туындауы ықтимал ішкі этностық қақтығыстарға жол бермеу, тағы басқа да мәселелер тұрды.

Жұрттың бәрі байыбына барып, тереңіне бойлай қоймаған бостандықтар берілген тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетаралық егестерге, ұлтшылдық сезімнің өріс алмауына, қоғамдағы бір топтың келесі топқа қысым жасауына жол бермеу қажеттілігі күн тәртібіне қойылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың басты мақсаты қоғамдағы барлық этностардың толықтай құқығы мен бостандығын сақтай отырып, жергілікті ұлтқа негізделген жоғары әлеуетті қоғам құру болды.

Тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысында елдегі жаппай орын алған әлеуметтік-экономикалық дағдарыс саяси дағдарысқа ұласты, Қазақстанда елдің болашақ даму жолын, мемлекеттің саяси бағдарын таңдау жөнінде пікірлер сан-салаға жарылып, түрлі саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар сан алуан жолдарды жүзеге асыруды талап етті. Партияаралық күрес белең алып, әр тарап аталған үдеріске тұрғындарды өз жағына тарту мақсатында іс-әрекет жасады. Қазіргі уақытқа дейін кейбір проблемалары шешілмей келе жатқан мемлекеттік тіл, мемлекеттік сәйкестілік, жерге деген жекеменшік құқық мәселелері туралы қоғамда тұтас пікір қалыптаспай, түрлі топ жан-жаққа тартты. Сондықтан тәуелсіздіктің ең алғашқы күндерінен бастап Қазақстан халқын ортақ мақсатқа жұмылдыру, барлық этностық топтардың тең құқықта тұрмыс кешуіне жағдай жасау мемлекеттік ұлттық саясаттың басты әрі басым бағытына айналды. Ал кез келген мемлекеттің саяси-экономикалық тұрақты дамуының басты шарты тату этносаралық қарым-қатынас қалыптастыру екендігі тарихи тұрғыдан өзін толық дәлелдеген болатын.

Жоғарыда аталған жағдайлар тұрғысынан қарасақ, Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы еліміздегі этносаралық қатынастарды реттеп, сәйкестендіріп отыратын жүйе қалыптастырды. Сонымен қатар Ассамблея сол кезеңде демократиялық жаңаруларды бастан кешіп жатқан Қазақстандағы азаматтық қоғамның алғашқы қарлығашы болғаны даусыз. Қазіргі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясының тікелей күш салуымен этносаралық қатынастар саласын саясаттан тыс сақтап, азаматтық қоғам қалыптастыру мақсатында жұмыс жүргізіліп отыр.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қалыптасуы бірнеше кезеңнен тұрады. Бірінші кезең — 1995–2002 жылдардың аралығы. Соңғы қабылданған жаңа Конституцияда мемлекеттік тұғырдың басым бағыттары деп жалпы азаматтық қағидаттар толықтай қарастырылды. Бұған дейінгі Ата Зандағы қазақстандықтарды байырғы ұлт және кейіннен қоныс аударған этностар деп екіге бөлу қысқартылып, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі жарияланды. Аталған мәселелер қоғамның бірігуін жеделдетіп, ел тұрғындары тарапынан толықтай қолдауға ие болды. Жаңа Конституцияның 14-бабына сәйкес заңнамалық деңгейде этностардың ұлтына, тіліне, дініне, нәсіліне қарамастан, тең құқықтылықты қамтамасыз етті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының біріктіруші күші, еліміздегі барлық этностарды жұмылдырушы қасиеті мемлекеттік ұлттық саясаттың басты тұғырына айналды. Ассамблея этномәдени бірлестіктерді дамыта отырып, саяси, құқықтық және мәдени бағытта қазақстандық жаңа үлгіні тәжірибеге енгізді. Ассамблея тоталитарлық «біркелкілік» жүйесінен шыққан этностардың дәстүрі, тілі мен мәдениетін қалпына келтіруге, дамытуға толық жағдай жасалуына күш салып, халық ықыласына бөленді. «Саналуандық арқылы бірлікке» деген бағытта этносаралық қатынастың қазақстандық үлгісі қалыптасты.

Екінші кезең — 2002 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейінгі қоғамды жұмылдыру кезеңі. Қазақстан халқы Ассамблеясы ел экономикасының қайта түлеп, тұрақты даму қарқынына ілесуі, қоғамды демократияландыру үрдістерінің жедел дамуы кезеңінде маңызды қоғамдық-саяси мәселелерді шешуде алдыңғы қатардан көрінді. Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттік дамудың көптеген мәселелеріне араласуы этностық негізде партиялар құру, этносаралық қатынастар саласын саясаттандырудан сақтауға негіз болды. Осы кезеңде орта мерзімге арналған Қазақстан халқы Ассамблеясының Стратегиясы, Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы, «Қоғамды жұмылдыру идеясы Қазақстан дамуының шарты ретінде» тұжырымдамасы қабылданып, жүзеге асырылып жатыр. Қоғамның этностық ресурсы ел экономикасын дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешу мен Қазақстан қоғамының рухани мүмкіндіктерін дамытуға бағытталуда.

2007 жылдың 21 мамырда Қазақстан Республикасы Парламенті барлық өкілді билік тармақтарының рөлін елеулі өзгертетін конституциялық түзетулерді қабылдаған. Конституциялық бағдарламаның басты жаңа енгізілімі — Парламент Мәжілісінің депутаттар санын 107 адамға дейін көбейтіп, оның 9-ы Қазақстан халқы Ассамблеясымен сайланатындығы. Бұл қадам Ассамблеяның рөлін жоғарғы дәрежеге көтеретіні сөзсіз. Қазақстан аумағында тұратын, көлемді этностардың өкілдерінен Парламент депутаттар санын көбейту жолымен Ассамблея үшін арнайы орындарды енгізу мүмкіндігін туғызды.

Сонымен қатар тағы бір атап кететін мәселе, Конституцияға енгізілген толықтыруларда Қазақстан халқы Ассамблеясы емес, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы сөз болып жатқанын ескеру қажет. Президент Жарлығымен құрылған, осы уақытқа дейін бізге мәлім, Қазақстан халқы Ассамблеясы болған. Бұл түзету маңызды, өйткені біздің Конституциямыз «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деп басталады. Еліміздің халқы біртұтас, бірақ біздің халық ұлттық құрамы бойынша сан алуан. Осылай тарихи қалыптасып кеткен. Және де бұл түзету Республика Конституциясына сәйкес келеді. Сонымен бірге ескеретін жағдай, ол Ассамблеяны барлық жылдар бойы мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев басқарады. Осымен де басынан бастап бұл органның маңызды екенін білдірді. Сонымен қатар Республиканың Бірінші Президентінің мәртебесін анықтайтын, 2000 жылдың 20 шілдедегі қабылданған «Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті туралы» Конституциялық заңның 1-бабы 2-тармағына сәйкес, Ассамблеяны ғұмырлық басқару құқығына тарихи маңызды міндетіне байланысты Республиканың Бірінші Президенті ие. Осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясы заңға тәуелді актісімен құрылған консультативтік кеңесші органның өркенді дамып, конституциялық мәртебедегі органға дейін эволюциялық жолмен өтті.

2007 ж. 20 тамызында Қазақстан халқы Ассамблеясының XIII сессиясы болып өтті. Онда Ассамблея мүшелері Парламент Мәжілісіне өз қатарынан 9 депутат сайлады: Мұрат Ахмадиев (ұлтты ұйғыр), Валерий Винниченко (украин), Егор Капель (неміс), Раиса Полищук (орыс), Леонид Питаленко (белорус), Қайрат Садуақасов (қазақ), Рузақұл Қалмұратов (өзбек), Людмила Хачиева (болгар), Виктор Цой (корей). Одан соң Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев сөз сөйледі [5]. Ассамблеяның болашағы туралы Президент бұл ұйымның қазір мүлде жаңа кезеңге аяқ басқанын және ол біздің еліміздің дамуының алдына жаңа мақсаттар қоюының логикалық жалғастығы іспеттес екендігін айтты. Өйткені сайып келгендегі біздің мақсатымыз — қоғамды одан әрі ұйыстыру және біртұтас, бәсекеге қабілетті Қазақстан ұлтын қалыптастыру. Қазақстандықтар болашақта әлемнің кез келген түкпірінде өмір сүріп, оқып, жұмыс істей алсын. Бірақ олардың жүрегінде Сарыарқаға, Жетісуға, Каспий мен Алтайдың аңызқты далаларына деген мәңгілік махаббат оты жанып тұруы керек. Олар өзінің бейбіт жолмен гүлденіп келе жатқан, белгілі және құрметті елдерімен мақтанулары керек. Міне, халықты осы мақсатқа тәрбиелеу Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеті болмақ.

Елбасы одан әрі осы мақсатқа жету үшін Ассамблеяның алдында қандай міндеттер тұрғанын атап өтті. Сөзінің соңында Президент Ассамблеяның конституциялық мәртебесі өскен соң ол туралы жеке заң қабылдау қажеттігін айтып, Ассамблеяның негізгі мақсаты азаматтық қоғамның негізіндегі біртұтас Қазақстан ұлтын құруға бағытталған идеологиялық курсты қолдауға бағытталсын деді.

2008 жылдың 17 тамызында Мәжіліске келіп түскен заң жобасы алдын ала Қоғамдық палатада талқыдан өткізілген болатын. Талқылау барысында депутаттар тобы Ассамблеяның мақсатына қатысты пікірлер білдірді. Сөйтіп, біраз талқылаудан соң заң жобасы тұтастай мақұлданды. Мемлекет басшысының берген тапсырмасына сәйкес 2008 ж. 1 қазанында Парламент Мәжілісінің отырысында «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» заңнама жобасын «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобы ұсынды.

Қазақстан халқы Ассамблеясы үшін 2008 жыл өте маңызды, нәтижелі жыл болды — Ассамблеяның бейбітшілік пен келісімді нығайту бағытындағы рөлін нормативтік-құқықтық тұрғыда үйлестіретін «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» 2008 ж. 20 қазанында Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы Заң Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының мәртебесін, оны қалыптастыру мен жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Заңның 1-бабында Қазақстан халқы Ассамблеясының құқықтық мәртебесі берілген. Қазақстан халқы Ассамблеясы заңды тұлға құрылмай, Қазақстан Республикасының Президенті құратын, мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға ықпал ететін мекеме (1-бап, 1-тармақ). Ассамблея өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүзеге асырады. Бұл Заң бойынша Ассамблеяның мақсаты қазақ халқының топтастырушы рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық азаматтық бірдейлікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде Қазақстан Республикасында этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының негізгі міндеттері:

- этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

- халық бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамның негіз қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту;

- қоғамдағы экстремизмнің және радикализмнің көріністері мен адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қысым жасауға бағытталған әрекеттерге қарсы тұруда мемлекеттік органдарға жәрдемдесу;

- азаматтардың демократиялық нормаларға сүйенетін саяси-құқықтық мәдениетін қалыптастыру;

- Ассамблеяның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізу үшін этномәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің күш-жігерін біріктіруді қамтамасыз ету;

- Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту болып табылады.

Қазақстан халқы Ассамблея қызметінің принциптері болып келесілер табылады:

а) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының басымдылығы;

ә) халық пен мемлекет мүдделерінің басымдылығы;

б) нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге деген қатынасына, нанымдарына немесе кез келген өзге де жағдайларына қарамастан, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі;

в) Ассамблея мүшелерінің тең құқылығы және оның құрамындағы қызметі үшін дербес жауапкершілігі;

г) жариялылық.

Қазақстан халқы Ассамблея қызметінің негізгі бағыттары: мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және іске асыруға жәрдемдесу; қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жәрдемдесу; мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту; этносаралық саладағы өңірлік саясатты жетілдіру; демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу; елде және шет елдерде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін насихаттау; этносаралық келісімге қол жеткізуге бағытталған ағартушылық және баспа қызметін жүзеге асыру; этносаралық қатынастар жай-күйінің, оның ішінде мемлекеттік тіл мен Қазақстан халқының басқа да тілдерін қолдану саласында мониторингті жүзеге асыру; мемлекеттік ұлттық саясат мәселелері жөніндегі заң жобаларына қоғамдық-саяси сараптама жасауға қатысу; шет елдердегі қазақ диаспорасына ана тілін, мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, оның тарихи Отанымен байланыстарын нығайту мәселелерінде қолдау көрсету; этносаралық қатынастар саласындағы келіспеушіліктер мен дауларды реттеу, қақтығысты жағдайларды

болдырмау жөнінде ұсынымдар әзірлеу және практикалық шараларды іске асыру және оларды шешуге қатысу; этномәдени қоғамдық бірлестіктерге әдістемелік, ұйымдастырушылық және құқықтық көмек көрсету; этносаралық қатынастар мәселелері бойынша мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің диалогын қамтамасыз ететін семинарлар, конференциялар өткізу, өзге де іс-шараларды жүзеге асыру; этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету мәселелері бойынша азаматтық қоғам институттарымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау; Қазақстанның басқа да этностарына өздерінің тарихи отанымен байланысын дамытуға жәрдемдесу; этносаралық келісімге жәрдемдесетін және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қызмет болып табылады [6].

2008 ж. 23 қазанында Астанадағы бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясының XIV сессиясы болып өтті. Оның тақырыбы: «Елдің қуаты — халықтың бірлігінде». Бұл үлкен форум осы айрықша қоғамдық институттың алдында тұрған міндеттерін талқылап, одан әрі дамудың жолдарын анықтады. Біздің этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайту тәжірибеміз көптеген елдер үшін пайдалы болмақ. Оны кең-байтақ еуразиялық кеңістіктегі барлық қақтығыстан кейінгі қоғамда қолдануға болады, — деді Мемлекет басшысы [7].

Қазақстан халқы Ассамблеясы елдегі бейбітшілік пен келісімді сақтауға және нығайтуға айрықша құнды үлес қосты. Біздің ортақ Отанымыз — Қазақстанның қазіргідей қарыштап дамып отырғаны — елімізді мекендеуші барлық этностардың ынтымағы мен бірлігінің арқасы.

2008 жылдың 2 желтоқсанында Астанада мәдениеттер мен діндер халықаралық орталығы ашылды. Жаңа орталықтың ашылуына орай «Діндер сұхбатынан өркениеттердің өзара түсіністігіне» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Оған шетелдік мамандар да қатысты. Жиында толеранттық, этносаралық және дінаралық тұтастық, қазіргі қоғам тұрақтылығы мен қауіпсіздік мәселелері қаралды. Осы қасиеттерді сақтаумен қатар, одан әрі жетілдіру жаңадан ашылған орталыққа жүктеліп отыр. Оны құруды Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлемдік және дәстүрлі діндер жетекшілерінің II-ші съезінде ұсынған болатын. Мәдениеттер мен діндер орталығы ұлттар арасында бейбітшілік орнатқан қазақстандық тәжірибені таратып, мәдениетаралық диалогтың әлемдік тәжірибесімен салыстыра зерттеуді көздейді.

Ассамблея жанынан дүниеге келген келесі ірі жоба — қоғамдық қор. Аталған қор еліміздегі тұрақтылық пен келісімді нығайтуға бағытталған әр түрлі жобаларды қаржыландырумен айналысуды көздеп отыр. Қазіргі кезде қордың тікелей қаржысына Ассамблеяның қызметі мен этносаралық қатынастар саласындағы атқарылған іс-шаралар туралы баяндайтын «Менің елім» журналы тіркеуден өтіп, алғашқы нөмірі М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапхана қорына сыйға тартылды. Журналдың бұл нөмірінде Қазақстан халқының өмірі, ел тұрғындары мен біздің ортақ тағдырымыз туралы әңгіме өрбітілген.

2009 жылдың 6 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауында барша қазақстандықтардың өркендеуі, қауіпсіздігі мен әл-ауқатының жақсаруы біздің мемлекетіміз үшін аса маңызды үштұғырлы міндет болып қала береді. Дағдарыс — біздің бірлігіміз бен татулығымыздың бекемдік деңгейін сараптап, талдаушы күш. Сондықтан бүкіл қоғам болып ортақ қиындықтарды жұмыла көтеру бағытында аянбай еңбек етуге тиіспіз. Алайда дағдарысты еңсерудегі табысымыздың және Қазақстанның жаңа белестерге шығуының негізгі шарты қоғамның ішкі бірлігі мен топтасуы болып қала бермек. Барлық алға қойған мақсаттарға қазақстандықтардың бірлігінің арқасында ғана қол жеткізе аламыз. Осындай күрделі уақытта Қазақстан халқы Ассамблеясының атқаратын рөлі ерекше деп көрсетті.

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық тәжірибесі посткеңестік кеңістікте ең сәтті үлгілердің бірі ретінде танылып отыр. Елде 3200-ге жуық мешіт, шіркеулер мен ғибадатханалар жұмыс істейді. Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы құрылды. Мемлекеттің қолдауымен Ислам мәдениеті мен білім беру қоры құрылуда.

2009 жылдың 1 шілдесінде Астана қаласының Бейбітшілік сарайында Президент Н.Ә.Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III-ші съезін ашты. Съезд «Толеранттылыққа, өзара құрмет пен ынтымақтастыққа негізделген әлемді тұрғызудағы діни жетекшілердің рөлі» тақырыбы бойынша алқалық сессия өткізді.

Елбасы Қазақстан халқының діни және этносаралық татулықты ту еткен асыл қасиеттерін әрдайым мақтан тұтамыз, бұл жетістігімізді әлем жұртшылығына үлгі етуге ұмтыламыз деді. Егер 2006 жылы бұл форумға 29 делегация қатысса, 2009 жылы әлемнің 35 елінен 77 делегация жиналды.

Сан ғасырлар бойы түрлі этностар мен діни нанымдардың рухани мұрасымен кемелденген Қазақстанның біртұтас халқы өз бойына толеранттылық, діни төзімділік және жаңа атаулыны қабылдауға деген ашықтық секілді қасиеттерді қалыптастырған. Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдау білдірген айтулы бастамаларының бірі 2010 жылды «Халықаралық мәдениеттер жақындасуының жылы» деп жариялау болды. Қазір елімізде әзірленіп жатқан Ұлттық бірлік доктринасының аясында біртұтас қазақстандық мемлекеттілікті қалыптастыру процесі жүзеге асырылады. Еліміз 2010 жылы төрағалық ететін Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы үштігінің қатарына қосылды, 2011 жылы Қазақстан Ислам Конференциясы ұйымына басшылық етеді. Бұл ұйымдарға төрағалық етіп, Шығыс пен Батыс арасына байланыс көпірін орнату үшін келісім өркениеті мен этностандарттар өз елімізде қалыптасуы шарт. Осыған сәйкес Ассамблея аясында Ғылыми-сараптамалық кеңес құрылды. Оған 33 ғалым мүше қабылданды.

Жаңа дүние құрылысының негіздері туралы Елбасы өз пікірін былай білдірді:

- біріншіден, бұл әділ экономикалық модель;
- екіншіден, бұл мемлекеттер арасындағы өзара қатынастардың әділ саяси моделі;
- үшіншіден, бұл жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген жаңа көзқарас;
- төртіншіден, жаңа дүние тәртібі жоғары адамгершілік пен руханилықсыз мүмкін емес.

Нақ осылар дағдарыстан кейінгі дүниені қайта құрудың басты тетіктері болуы тиіс. Әр халықтың мәдениетінде бар жақсының бәрі бүкіл адамзаттың игілігі болуы керек. Тек әділ дүние тәртібі ғана адамзат қоғамы өркендеуінің негізі бола алады. Астанада құрылған Мәдениеттер мен діндер халықаралық орталығының қызметі нақ осыған бағытталуы тиіс [8].

Бүгінгі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы — ұйымдық құрылым ғана емес, ол біздің өміріміздің ажырамас бөлігі, біздің тыныштығымыз бен бірлігіміздің белгісі. Қазақта «Отаны бірдің — тілегі бір, жүрегі бір» деген жақсы сөз бар. Жүзі басқа болса да жүрегі бір, тілі басқа болса да тілегі бір, атасы басқа болса да Отаны бір, қаншама ұлттар мен ұлыстарды біріктіріп, дүние жүзі мойындап отырған Қазақстан атты елміз. Өткен жылдар ішінде Қазақстан халқы этностық, конфессиялық ерекшелігіне қарамастан, ортақ мүдде мен өзара түсінушілігі қалыптасқан біртұтас халық ретінде қалыптасты деп айтуға болады. Көп ұлтты ел болуымыз — біздің байлығымыз, мақтанышымыз. Өз халқын сүйген адам ғана оның тағдыры үшін аландай алады.

Мемлекетті, оның қауіпсіздігін одан әрі нығайтып, экономиканың тұрақты дамуы мен әлауқатының артуын қамтамасыз ету үшін Қазақстанға ұзақ мерзімді тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім керек. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі бұл үрдіске мұқият көңіл бөліп отыруы тегін емес. Тек тыныштық, ұлтаралық татулық, бірлік, түсіністік болса ғана, бәріне қол жеткізуге болатынын өмірдің өзі дәлелдеп беріп отыр.

Кеңестік дәуірдің өзінде «Қазақстан — халықтар достығының лабораториясы» атануы кездейсоқ емес еді. Ұлы даланың гуманистік философиясын ғасырлар бойы адамдар арасындағы қатынастың өлшемі ретінде меңгерген қазақ халқы тәуелсіздіктің 17 жыл ішінде еліміздегі 130-дан аса ұлт өкілдерімен полиэтникалық қоғамның қазақстандық моделін қалыптастырды және іс жүзінде оны бекіте түсті. Осы тұрғыдан қарағанда, Қазақстан халқы Ассамблеясы ұлттық саясат саласындағы институт ретінде Республика Президентінің басшылығымен конституциялық органдар жүйесінде өте зор рөл атқаруда.

#### Әдебиеттер тізімі

1. *Полтавич Т.С.* Қазақстан Республикасында халықаралық құқық институттарының нормаларын қолдану // Наука и образование — 2008: Сб. материалов междунар. науч. конф. молодых ученых (25–26 апреля 2008 г.). — Ч. 3. — Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2008. — 135–137 б.
2. *Тогжанов Е.* Бірлік пен ынтымақтастықты нығайту // Егемен Қазақстан. — 2009. — № 154–157. — 1 мамыр.
3. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы. — Алматы: ЖШС «Норма-К», 2009.
4. *Сарпеков Р.Қ.* Ассамблеяның қалыптасуы және оның құқықтық даму мәселелері // <http://www.parlam.kz/sitedep/sarpekov>.
5. Ассамблеяның аты озған күн // Орталық Қазақстан. — 2007. — № 136. — 23 тамыз.
6. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» № 70 Заңы // Егемен Қазақстан. — 2008. — 21 қазан.
7. Елдің қуаты — халықтың бірлігінде // Егемен Қазақстан. — 2008. — № 322,323. — 24 қазан.
8. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің III съезі // Егемен Қазақстан. — 2009. — 2 шілде.